



Qazaqstan Elşisi

Ambassador of Kazakhstan

Pretoria

28.05.2021

**«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ
ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ – РЕКТОРЫ,
ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ,
ПРОФЕССОР, ТӨТЕНШЕ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІ ЕЛШІ
Ж.Қ. ТҮЙМЕБАЕВҚА**

Аса қадірлі Жансейіт Қансейітұлы,

Еліміздің білім ордасы, ғылыми қара шаңырағым, э.ғ.д, проф. Раушан Елемесұлы Елемесов (экономикалық саладағы), з.ғ.д., профессор Сағынғали Жоламанұлы Айдарбаев (халықаралық құқық саласындағы) сияқты және өзге де асыл ұстаздарым көп қырлы қызмет көрсететін, аса маңызды оқытушылық әрекет жасайтын *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің* дәстүрлі «Түлектер күніне» орай, Қазақстан Республикасының Оңтүстік Африка Республикасындағы Елшілігі ұжымының және жеке өз атымнан шын жүректен шыққан құттықтауларымызды білдіруге рұқсат етіңіз!

Оларға және Өзіңізге де, *дипломатиялық саладағы* ұстазым ретінде, алғысым шексіз! Мен де, ҚР-дың ОАР-дағы Төтенше және Өкілетті Елшісі ретінде, ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар және әлемдік экономика мамандығы бойынша түлегі болуға мақтан тұтамын!

Түлектердің және олардың қауымдастығының, ҚазҰУ-дың білім ордасы ретіндегі дамуы, жас буын өкілдерінің заман талабына сай саналы тәрбие әрі сапалы білім алуы тұрғысынан үлесі маңызды. Біз де осы үдеріске жан-жақты қосылуға ынталымыз.

Осы мереке биыл Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы аясында өтіп жатыр. Тәуелсіздік жылдарында Тұңғыш Президентіміз, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арқасында университеттің мықты ғылыми базасы қалыптастырылып, ҚазҰУ тәуелсіз жоғары оқу орнына айналды да, дүниежүзілік деңгейінде барынша танылып, әлемнің жетекші академиялық институттарының 165-тігіне кіре алды.

Елбасымыз көреген әрі данышпан түрде негізін қалап, Президентіміз табысты әрі сындарлы түрде жүргізіп келе жатқан Қазақстан Республикасының саясатын әрқашанда да дәйекті түрде жүзеге асырып, еліміздің қамын ойлап, бүгінгі таңда мемлекеттік мүдделерін білім саласында осынау өте жоғары мансабыңызда ілгерілетудесіз.

Осынау игі, маңызы зор жолда, атқарып жүрген абыройлы әрі беделді қызметіңізге толағай табыстар, отбасыңыз бен туған-туысқандарыңызға аманшылық, ал Өзіңізге зор денсаулық, қажымас күш-жігер, ырыс, құт-береке және ұзақ та мәнді ғұмыр тілеймін!

Ардақты профессорлар және құрметті оқытушылар қауымы,

ҚазҰУ-дың халықаралық білім, ғылым және мәдениет орталығы ретіндегі дамуы, оның халықаралық білім беру кеңістігіндегі рөлі, мәртебесі мен рейтингі бұдан былай да арта берсін!

Университеттің ғылыми әрі білім беру қызметін жаңашыл әдістері арқылы сапалы көкжиектерге қол жеткізу үшін көмек көрсетуге, оның халықаралық серіктестерімен қарым-қатынастарын нығайтуға және қоғамымызда ҚазҰУ-дың жоғары құндылықтарын тарату үдерісіне белсене атсалысуға ниеттіміз.

Студенттерге терең әрі сапалы білім, сондай-ақ нағыз ұлттық тәлім-тәрбие берудегі ерен еңбектеріңіз, зор қызметтеріңіз әрқашан да жемісті болғай!

Алар асуларыңыз, бағындырар белестеріңіз әрдайым да биік, ал бүгінгі дәстүрлі «Түлектер күні» құтты болсын!

Ізгі тілекпен,

Зор Құрметпен,

К. Тұмыш

Қанат ТУМЫШ

ҚР-дың ОАР-дағы Төтенше және Өкілетті Елшісі